

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.29-2026
		29.01.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	9 беттің 1-ші беті

КАФЕДРА МЕНГЕРУШІЛЕРІ МЕН ДЕКАНДАРЫНЫҢ РЕЙТИНГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ (ЖОБА)

**Алматы
2026 ж.**

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.29-2026
		29.01.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	9 беттің 2-ші беті

КІРІСПЕ

1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Академиялық мәселелер қызметі

2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен 2026 жылғы «29» қаңтардағы № 7 хаттама № 3 баспа

3. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ

4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ

3 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.29-2026
		29.01.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	9 беттің 3-ші беті

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
2. БАСШЫЛАР РЕЙТИНГІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	4
3. РЕЙТИНГТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПРИНЦИПТЕРІ	5
4. БАСШЫЛАР РЕЙТИНГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	5
5. А БЛОГЫ. БӨЛІМШЕНІҢ ПОҚ КОМАНДАЛЫҚ ИНДЕКСІ (70 БАЛЛҒА ДЕЙІН).....	5
6. В БЛОГЫ. БАСШЫНЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҮЛЕСІ (30 БАЛЛҒА ДЕЙІН).....	6
7. КАФЕДРА МЕНҒЕРУШІЛЕРІ МЕН ДЕКАНДАР РЕЙТИНГІН ЕСЕПТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	6
8. ҚОРЫТЫНДЫЛАРДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ	6
9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	7
10. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ	8
11. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....	9

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.29-2026
		29.01.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	9 беттің 4-ші беті

«Бекітілді»

ҚР МАМ «Т. Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
Ғылыми кеңес төрағасы
 А. Жудебаев
№7 хаттама 2026 жылғы «29» қаңтар



1. Жалпы ережелер.

1.1. Осы Ереже Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының (бұдан әрі – Академия) кафедра меңгерушілері мен декандарының рейтингін қалыптастырудың мақсаттарын, принциптерін, құрылымы мен тәртібін айқындайды.

1.2. Кафедра меңгерушілері мен декандардың рейтингі (әрі қарай – басшылар рейтингі) Академия құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының басқарушылық қызметінің тиімділігін бағалауға бағытталған ішкі аналитикалық және ынталандырушы құрал болып табылады.

1.3. Басшылар рейтингі аттестация емес, конкурс тәртіптерінің орнын толтырмайды және лауазымға сәйкестігін бағалау үшін қолданылмайды.

1.4. Басшылар рейтингі сәйкес кафедралар мен факультеттердің профессорлық-оқытушылық құрамының (ПОҚ) Академия ПОҚ рейтингіндегі қатысуы мен нәтижелеріне, сондай-ақ басшының басқарушылық үлесіне негізделіп қалыптастырылады.

1.5. Осы Ереже Академияның профессорлық-оқытушылық құрам рейтингі жөніндегі Ережесі және өзге де ішкі нормативтік құжаттарымен өзара байланысты түрде қолданылады.

2. Басшылар рейтингісінің мақсаттары мен міндеттері.

2.1. Басшылар рейтингісінің мақсаты кафедралар мен факультеттерді тиімді басқаруды ынталандыру, оның ішінде:

- ПОҚ-тың рейтингілік процедураларға қатысуын арттыру;
- ПОҚ-тың ғылыми, оқу-әдістемелік және шығармашылық қызметінің нәтижелілігін арттыру;
- академия құрылымдық бөлімшелерінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

2.2. Рейтингтің негізгі міндеттері:

- кафедра меңгерушілері мен декандардың басқарушылық нәтижелерінің салыстырмалы бағасын қалыптастыру;
- бөлімдердің даму динамикасын анықтау;
- кадрлық әлеуетті ынталандыру және дамыту саласындағы басқарушылық шешімдерді қолдау.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.29-2026
		29.01.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	9 беттің 5-ші беті

3. Рейтингті қалыптастыру принциптері.

3.1. Басшылар рейтингі келесі принциптер негізінде қалыптастырылады:

- *ПОҚ нәтижелеріне тәуелділік* – рейтингтің негізгі көрсеткіштері ұжымның қызмет нәтижелеріне негізделеді;
- *Салыстырмалылық* – рейтинг нормаланған және салыстырмалы көрсеткіштерге негізделген;
- *Объективтілік және тексерілу мүмкіндігі* – ресми ПОҚ рейтингі деректері пайдаланылады;
- *Ынталандырушы сипаты* – рейтинг санкциялар емес, дамуға бағытталған;
- *Динамиканы есепке алу* – бағалау тек ағымдағы көрсеткіштерге емес, уақыт бойынша өзгерістерге де негізделеді.

3.2. Кафедра меңгерушілері мен декандардың жеке ғылыми, шығармашылық және басқа да жеке жетістіктері басшылар рейтингісін есептеуге кірмейді.

4. Басшылар рейтингінің құрылымы.

4.1. Басшылар рейтингісінің ең жоғары ұпайы 100 баллды құрайды.

4.2. Рейтинг екі блоктан тұрады:

- *А блогы. Бөлімшенің ПОҚ командалық индексі – 70 баллға дейін;*
- *В блогы. Басшының басқарушылық үлесі – 30 баллға дейін.*

5. А блогы. Бөлімшенің ПОҚ командалық индексі (70 баллға дейін)

5.1. А блогы кафедра немесе факультет ПОҚ-ының қатысуы мен нәтижелері арқылы басқарушылық тиімділікті көрсетеді.

5.2. А блогының көрсеткіштері:

- *ПОҚ-тың рейтингке қатысуы – 20 баллға дейін*

Академия ПОҚ рейтингіне қатысқан бөлімшенің штаттық оқытушыларының үлесі бағаланады

- *Бөлімшенің ПОҚ нәтижелілігі – 35 баллға дейін*

Бағалау келесі қалыптандырылған көрсеткіштер негізінде жүргізіледі:

✓ бөлімшенің ПОҚ орташа рейтингтік ұпайы;

✓ рейтингі Академия бойынша орташа көрсеткіштен жоғары оқытушылар үлесі.

- *Бөлімшенің даму динамикасы – 15 баллға дейін*

Бағалау алдыңғы есептік кезеңмен салыстырғанда ПОҚ-тың қатысуы мен нәтижелілігінің оң динамикасына негізделеді.

5.3. А блогының көрсеткіштерін есептеу ресми ПОҚ рейтингі деректері негізінде жүргізіледі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.29-2026
		29.01.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	9 беттің 6-ші беті

6. В блогы. Басшының басқарушылық үлесі (30 баллға дейін)

6.1. В блогы басшының басқарушылық шешімдері мен ұйымдастырушылық қызметінің тиімділігін көрсетеді, олар ПОҚ нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

6.2. В блогының көрсеткіштері:

- Сапаны және процедураларды басқару – 15 баллға дейін

Бағалау:

- ✓ бөлімшеде рейтингтік науқанның дұрыс және уақытылы ұйымдастырылуы;
- ✓ ПОҚ көрсеткіштерін растауда жүйелі бұзушылықтардың болмауы.

- Бөлімшенің институционалдық нәтижелері – 15 баллға дейін

ПОҚ бөлімшесі мен қызметін дамытуға ықпал ететін басқару нәтижелері бағаланады (аккредиттеуге дайындық, білім беру бағдарламаларын іске қосу, факультет бастамалары және т.б.).

7. Кафедра меңгерушілері мен декандар рейтингін есептеудің ерекшеліктері.

7.1. Кафедра меңгерушілерінің рейтингі сәйкес кафедра көрсеткіштері негізінде қалыптастырылады.

7.2. Кафедра меңгерушісінің кафедра рейтингі көрсеткіштеріне қосқан үлесі басқарушылық нәтижеліліктің элементі ретінде қарастырылады және бөлімшенің командалық көрсеткіштері құрамында кафедра меңгерушілерінің рейтингісін қалыптастыру кезінде ескеріледі.

7.3. Декандардың рейтингі факультет құрамына кіретін кафедралардың ПОҚ санын ескере отырып, факультеттің жиынтық көрсеткіштері бойынша қалыптастырылады.

7.4. Декандар рейтингін есептеу кезінде кафедралардың көрсеткіштері ПОҚ санын ескере отырып нормалануы мүмкін.

8. Қорытындыларды шығару және нәтижелерді пайдалану тәртібі.

8.1. Басшылар рейтингісінің қорытындылары жыл сайын ПОҚ рейтингтік науқаны аяқталғаннан кейін шығарылады.

8.2. Рейтинг нәтижелері келесі мақсаттарда қолданылады:

- басшылар қызметін аналитикалық бағалау үшін;
- ынталандыру шараларын қалыптастыру кезінде;
- бөлімдерді дамытуға бағытталған басқарушылық шешімдер қабылдау үшін.

8.3. Басшылар рейтингісі қорытындылары бойынша ынталандыру төлемдерінің тәртібі мен мөлшері Академияның жеке ішкі нормативтік құжаты арқылы белгіленеді.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.29-2026
		29.01.2026 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	9 беттің 7-ші беті

9. Қорытынды ережелер

9.1. Аталған Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академияда белгіленген тәртіп бойынша енгізіледі.

9.2. Аталған Ереже бекітілген күннен бастап қолданысқа енеді.








**Академиялық мәселелер
жөніндегі қызметінің басшысы**



Г.Б. Әбдірахман

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.29-2026
		29.01.2026 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	9 беттің 8-ші беті

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Өзірленді:		
Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы		Г. Әбдірахман
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Ш. Ергөбек
Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор		Қ. Халықов
Бас бухгалтер		Г. Касымова
Персоналды басқару бөлімінің басшысы		А. Сыдыкова
Ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы		А. Кульшанова
Оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы		А. Вырахманова
Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы		А. Молдабаева
Заң бөлімінің басшысы		О. Тлегенова
Театр өнері факультетінің деканы		М. Сарыбай
Кино және телевизия факультетінің деканы		М. Бакеева
Өнертану факультетінің деканы		Д. Маткерим
Хореография факультетінің деканы		И. Аухадиев
Кескіндеме, мүсін және дизайн факультетінің деканы		Б. Байділда
Музыкалық өнер факультетінің деканы		В. Алпысбаева

